

**22-наурыз
«Ұлыстың ұлы
күні»мерекесіне
арналған іс-шара
жоспарлары**

2024ж



№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

Бекітемін:

Балабақша меңгерушісі:

С.Мухашова

Тексерілді:

Балабақша әдіскері:

А.Шуиншалиева

А.Шуиншалиева

Қош келдің Әз-Наурыз!

/22 наурыз Ұлыстың ұлы күніне арналған ертеңгілік/

№1 «Айгөлек» кіші тобы

Тәрбиешілері: С.Маханбетова
Л.Жұман

19 наурыз, 2024 жыл

Міндеті: Наурыз айының шығыс халықтарында жыл басы саналатындығын сәбилер санасына жеткізу. Наурыздың 22 - сінде күн мен түннің теңелетіндігін, одан кейінгі күндері күннің ұзарып, түннің қысқаратындығын айтып түсіндіру. Ұлттық салт - дәстүрлерді құрметтеп, оларды мақтан етуге тәрбиелеу.

Тәрбиеші:

Наурыз айы жүректерге нұр сепкен,
Мандайымнан сүйіп жатыр нұр көктем
Жарығымен, шуағымен Күн - Ана
Алып келдің жер бетіне нұр көктем!
Осыншама жақсылық,
Алып келдің Наурызым!
Төрлет бізге нұр болып,
Шуак шашып нұр жүзің!
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Тәрбиеші: Құрметті қонақтар, Наурыз мейрамына арналған ертеңгілікке қош келдіңіздер!

БИ: «Батырлар» биі

Билейтіндер: «Айгөлек» тобының сері жігіттері

Балалар, Наурыз мерекесіне арналған тақпақтарымызды айтып берейік!

Әліби:

Наурызбен құттықтап,
Алыс жақын қауышты.

Әзиз:

Көктемдегі жарқын сәт,
Көңілдерге ауысты.

Сайора:

Наурыз тойым, Наурыз тойым,
Құтты болсын халайық!

Айкөркем:

Кәне достар, кәне достар,
Әсем әнге салайық.

Әділ:

Көктем келді балақай,
Жасарды жер, алақай.

Ерке:

Наурыз тойын тойлайық,
Әсем әнге салайық.

Димаш:

Наурыз тойы-тамаша,
Наурыз тойы-жаңаша.

Ясмина:

Табиғат та тамаша,
Тамылжып тұр жараса.

Айсезім:

Наурыз келді сан құрып,
Жасарып жанғырып.

Муси:

Құлпырды жер мен көк,
Мейірім таң күліп.

Тәрбиеші: Жарайсындар, балалар. Олай болса енді біз келесі кезекті ата-аналарымызбен ойынға берейік.

Ойын: «Мақалдың жалғасын тап»

Шарты: Мақал-мәтелдің 1 қатарын айтып, қалған екінші қатарын жалғастыру керек.

Мақал-мәтерлер:

1. Еңбек адамның көркі,
Адам заманның көркі.
2. Талабы жоқ жас-
Қанаты жоқ құс.
3. Ормансыз жер-жалаңаш,
Армансыз жер-жалаңаш.
4. Бітер істің басына,
Жақсы келер қасына.
5. Ақ сауыттың жағасы бар,
Жеңі жоқ.
Шын жақсының ашуы бар.
Кегі жоқ.
6. Анасын сүйгеннің
Баласын сүй.
7. Ананың көңілі балада
Баланың көңілі далада.
8. Жалғыз баласы атқа шапса,
Атасы ауылда тұрып тақымын қысады.
9. Ана жақсылығын,
Ауырсаң білерсің.
Қайын жақсылығын,
Қыдырсаң білерсің.
10. Баланың өзі болғандай
Келіннің өзі келгендей.

Тәрбиеші: Балалар, қонақтар бүгін қасиетті күн. Бұл мейрамда ерекше қалыптасқан салтдәстүр бар. Ұлыстың ұлы күні бір бірімен араз адамдар татуласып, бір біріне деген өкпесін кешіреді. Қатал, қайырымсыз адамдар мейірімді болып, арам адамдар шыншылға айналады.

Шашу – қуаныш айғағы ретінде жасалатын өте сұлу да салтанатты дәстүр.

Шашу бала туылғанда, тұсау кескенде, сүндетке отырғызылғанда, келін түскенде, күйеу келгенде, отау көтергенде, бүркіт ұстап әкелгенде, жүйрік ат бәйгеден озғанда, алыс сапардан жолаушы оралғанда, жақсылық күндерде, құда келгенде, тағы басқа зор қуанышты күндерде әйелдер құрт, ірімшік, өрік-мейіз, кәмпіттен, күміс теңгеден шашылады. Шашылған шашудан тойға қатысушылар теріп алып, ырым қылып балаларына апарып береді.

Шашуды, әдетте жасы үлкен әйелдер, әжелер шашады да, оны жастар, балалар теріп алады. Кейде тойдан тәбәрік ретінде үлкендер де алып, үйдегі жас балаларына апарып береді.

(Әже шашу шашады).

Әже: Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын!

Қайда барсан жол болсын

Ұлыс береке берсін

Бәле-жала жерге еңсін

Ұлы халқым тең болсын

Қуаныш көп болсын!

Тәрбиеші: Ұлыстың ұлы күнін, яғни төл мейрамымызды қазақ халқының ұлттық биімен жалғастырайық.

Би: «Бипыл-бипыл»

Билейтіндер: «Айгөлек» тобының сұлу қыздары

Тәрбиеші: тағы да балаларымыздың Наурыз мерекесіне арналған тақпақтарын айтып берейік!

Аяла:

Наурыз тойы-салтанат,
Наурыз тойы-мархабат.

Алан:

Әр жүректен ән тарап,
Шаттанады шартарап.

Айлин:

Наурыз келді құт болып,
Мына бізге сүт болып.

Сұлтан:

Аққа аузымыз толады,
Бар жақсылық болады.

Мерей:

Осыншама жақсылық,
Алып келген наурызым.

С.Алихан:

Төрлет, бізге нұр болып
Шуақ шашып, ақ жүзің.

Айсұлтан:

Наурыз айы-гүл айы,
Наурыз айы-нұр айы.

Алихан т:

Наурыз айда халқымның
Құлпыра түсер шырайы.

Айым:

Наурыз тойы әдемі,
Әжем еске түсірді.

Муслима:

Біздерге арнап әдемі,
Наурыз көже пісірді.

Айнамкөз:

Халқымыздың мерейі,
Өсе берсін мереке.

Тәрбиеші: Жарайсындар, балалар. Олай болса енді біз сендермен ойын ойнайтын боламыз.

Ойын: «Дәміне қарай ажырат»

Шарты: алдарына жасырып айран, сүт, шырын, су беріледі. Баллар түтікше арқылы ішіп табуы керек.

Тәрбиеші:

Батаменен ел көгерер, жаңбыр менен жер көгерер,- дегендей ата-әжелерімізден бата күтеміз.

Тәрбиеші:

Жаңғыртқан дәстүрімізді рахмет елім,
Тербетсін шаттық әні қазақ жерін
Той бастаған қадамын құтты болсын,
Дәстүрлі тамыр алып, өркен жайсын
Қош болыңыз, Наурызым ардақты
Халқым саған бар үмітін жалғапты!
Жылда осылай келе берсін жарасып!
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!
Наурыз береке – бірлік әкелсін!

Баршаңызды Наурыз көжеден дәм татуларыңызды сұраймыз.

Қош келдің Әз-Наурыз!



1 "Айгөлек"

кіші тобы

Тәрбиешілер:

С.Маханбетова

19.03.2024ж

Л.Жұман



Бекітемін: 
Балабақша меңгерушісі:
С.Мухашова.

№11 «Балапан» бөбекжай балабақшасы КМҚК

Тексерілді: 
Балабақша әдіскері:
А.Шуиншалиева

«Қош келдің әз-Наурыз»

(Мерекелік іс -шара)

№2 «Ақбота» кіші тобы
Тәрбиеші: Аблаева В.

2024 ж

«Қош келдің әз-Наурыз» атты «Ақбота» кіші тобының мерекелік іс-шараға арналған сценарийі.

Мақсаты: балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру, дербес тәжірибелік және шығармашылық әрекетті дамыту болып табылады.

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті ақ жаулықты әжелер, сымбаттыда, ажарлы қыз-келіншектер!

Дәстүрімізге айналған Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз құтты болсын!

Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып, Наурыз тойын тойлатып Жаңа Жыл келеді.

Ендеше, той құтты болсын! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!

Ұлы мереке сіздерге тек жақсылық әкелсін!

Уа, халайық, халайық!

Ақ сандықты ашайық,

Бұл мереке, бұл тойдың

Шашуларын шашайық! (Шашу шашылады).

(«Наурыз думан» әні орындалады)

1. Сүйінші, сүйінші, сүйінші інілі болдым, інілі болдым деп Кішкентай Серікбол жүгіріп келеді.

2. Сүйінші, сүйінші, сүйінші жеңшем болады, жеңшем болады деп Айтжан бала келіп сүйінші сұрайды екен.

Сүйінші сұрау. Өте қуанышты хабарды жеткізуші адам ол үйге «Сүйінші, сүйінші!», - деп кіреді. «Сүйінші – сәби дүниеге келді!», «Сүйінші – бала алғашқы қадамын жасады!», «Сүйінші – баламыз алғаш рет атқа отырды!», «Сүйінші – қызымыздың құлағына алғаш рет сырға ілдік!», «Сүйінші – баламыз мектепке барды; алғаш әрпін жазды!», «Сүйінші – ұлымыз қалыңдық әкелді!», тағысын тағылар.

Бұл сөз тосынан естілсе де үй ішіндегілерді шошындырмай, қайта қуантады. Сол кезде үй иесі: «Қалағаныңызды алыңыз» дейді немесе ол риза болатындай бір жақсы **сыйлық** береді. Сүйінші алудың сөкеттігі жоқ екен.

«Ақбота» кіші тобының кішкентай сұлу ханшайымдарын ортаға шақырып, билерін тамашалайық. «Текемет» биі.

«Наурыз көжесінен» дәм татыңыздар.

(Наурыз думан әні ойналады)

Ата-аналармен ойын «Бес тас».

Жүргізуші: Наурыз туралы әңгімелер тыңдай отырыңыздар.

Жаңа жылда Қыдыр баба үйге кірсе, ол үй ауру-сырқаудан, пәле-жаладан аман болады деген сеніммен Наурызға дейін адамдар үйін қағып-сілкіп, тазартып қоятын болған.

: Ел арасында 21 наурыз түні даланы Қыдыр баба аралайды деген аңыз бар.

Осыған сенген халық дәулет дарып, бақ қонсын деген мақсатпен есіктерін ашып қояды.

Бұл күні ауыл бойжеткендері өздері ұнатқан жігіттеріне соғымның етінен пісірілген «Ұйқыашар» деп аталатын дәм дайындаған.

Ал жігіттер қыздарға айна, тарақ, иіссудан тұратын сыйлықтар сыйлаған.

Оны «Селтеткізер», «Діреткізер» деп атаған.

Наурыз мейрамы негізінен адамдардың көрісуінен басталады.

Ұршық иіре алатын әжелеріміз бармекен


«Ұршық иіру» көрінісін тамашалайық.

Хор: «Қош келдің әз- Наурыз»

Осымен бүгінгі «Ақбота» тобының ұйымдастыруымен өткізілген мерекелік іс-шарамыз аяқталды ,келесі мерекеде кездескенше аман-сау тұрайық.



«Ақбота» кіші тобы 19.03.2024ж. «Қош келдің әз-Наурыз»



№ 11 «Балапан» бөбекжай – балабақшасы

«Бекітемін»
Балабақша меңгерушісі:
С.Мухашова



«Тексерілді»
Балабақша әдіскері:
А.Шуиншалиева

«Қош келдің,Әз – Наурыз!»

(22– наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекесіне арналған іс – шара)

Тобы: «Жауқазын» кіші тобы
Топ тәрбиешілері: Көшербаева А
Өткелбай К

2024 оқу жылы

Мақсаты: Наурыз мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт – дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Балаларды билеу арқылы музыкаға деген ынтасын дамыту. Наурыз мерекесін ұлттық салт-дәстүрімізбен, әдет – ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Тәрбиеші: Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жаңа жыл келді. Ұлы мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс тілейміз. Ұлы мереке сіздерге бақыт, қуаныш, сыйласын!

Тәрбиеші: Армысыздар, құрметті қонақтар. Ұлыс күндеріңіз құтты болсын!
Келе жатыр жылымыз,
Мейрамдаймыз мұны біз.
Халқы сүйген мейрамды
Қарсы алайық Наурызды!
(**Наурыз қыз ортаға келеді**)

Наурыз қыз:
Мен наурыз қызбын
Қыздарымда қасымда
Ұлыс күнге жетті міне асыға
Келген жылым жақсылыққа басташы
Қуанышпен әр үйдің
Босағасын атташы.

Тәрбиеші: Наурыз тойын бастаймыз
Бимен оны қостаймыз
Сері жігіттеріміздің биін тамашалаңыздар!
БИ: «Тұлпарым» биі

Билейтіндер: Нартай, Абдурахим, Марлен, Ислам, Медет, Бақыт Мансұр.

Тәрбиеші: Рақмет, Наурыз қыз төрлетіңіздер, дастархан басына жайғасыңыздар. Наурыз жыл басы, наурыз қуаныш мерекесі. Наурыз - бақыт пен шаттық мерекесі.

Наурыз – көктем мерекесі.
Ендеше «**Наурыз**» туралы ән шырқайық.

Хор: «Наурыз келді алақай!»

«Тұсау кесу» рәсімі

Тәрбиеші: Біз қазақ халқы әулет дәстүрін қастерлеп, дәстүрлік мұраларды насихаттап жүрген халықпыз
Дәстүрдің озығы бар, жазығы бар
Өткеннен бізге жеткен асылы бар
Сәбидің кейбір кезін қызықтайтын
Қазақта «Тұсау кесер» рәсімі бар, - деп кезекті **тұсау кесу** рәсіміне береміз.

Мақсаты: Ұлттық салт – дәстүрдің, ата - дәстүрдің ұрпаққа мұра ретінде берілуінің маңызын балаларға түсіндіру. Балаларды ұлттық салт – дәстүрге адал болуға, оны қастерлеп ұдайы сақтауға үйрету. Ұлтжандылыққа, ата – салтына беріктікке, парасаттылыққа тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Бала 1 жасқа толғанда ата-анасы баланың тұсауын кеседі, яғни, жаңа жүрем,-деп жүрген баланың күрмеуін шешу керек,- деген сөз. Тұсауы кесілген бала тез арада жүріп кетеді, тұсауды ауылдың шапшаң жасайтын, шапшаң жүретін адамына кестіреді.

Алдын-ала ала жіп, ол біреудің ала жібін аттамасын деген сөз,-дайындалады. Ала жіпті баланың аяғына байлап содан соң пышақпен кеседі. Екі адам баланы қолынан ұстап, ақ матаның үстінен жүргізеді. Ақ мата баланың жолы ақ болсын,- деген сөз.

Тұсау кесу жыры айтылады:

Қаз-қаз балам, қаз балам,
Қадамыңа мәз балам,
Тұсауыңды шешейін,
Күрмеуінді кесейін.
Бөпем бүгін қаз басты.
Бөпем бүгін қаз басты.
Тәй-тәй!
Көп-көп емес аз басты.
Тәй-тәй!
Өзі мәз боп күледі.
Тәй-тәй!
Әлі-ақ жылдам жүреді
Тәй-тәй!

Қаз-қаз балам.
Тұңғыш рет қаз тұрдың
Құтты болсын қадамың
Ата-ананды мәз қылдың
Айналайын қарағым.
Еш уақытта таймасын
Таудан, тастан табаның
Жүрген жерің жайнасын

Тәрбиеші: Балалар бүгінгі мейрамға бізге бата беруге арнайы Қыдыр атамыз да келіпті. Келіңіз, ата төрлетіңіз.

Қыдыр ата батасын береді. **Ата батаңызды беріңіз**
Сұрасаң бата берейін,
Ақ тілекті төгейін.
Еліме берсін берекет,
Қашсын сырқат-бәлекет!
Кірсін дәулет есіктен,
Кетсін бейнет тесіктен,

екі жылым есірке,
Жаңа жылым жарылқа!
Дастарханың мол болсын!
Абыройың зор болсын!
Ұлыс оң болсын!
Ақ мол болсын!
Қайда барсаң жол болсын! Әумин!

Тәрбиеші: Сұлу қыздарымыздың «Қамажай» биін қабыл алыңыздар!
Би: «Қамажай»

Тәрбиеші: Наурыз қыз балалардың өнері сізге ұнадыма? Біздің балалар өнерлі.

Тәрбиеші: Жігіттерімізді қамшы биімен қарсы алыңыздар!
Би: «Қамшы» биі

Тәрбиеші: Әр адам келер жылдан үлкен үміт күтіп, оны ақ тілекпен, ақ ниетпен қарсы алады. Ендеше, ақ кимешекті ақ әжеміз наурыз көже әкеле жатыр. Қош келдіңіз! (музыка)


ӘЖЕ: (Қолында тостаған, наурыз көже)

- Амансыздар ма, құрметті қонақтар, балалар, көктемнің тамаша мерекесі, Ұлыстың ұлы күні, Наурыз құтты болсын, әр шаңыраққа береке, бірлік, мәртебе әкелсін. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Қайда барса жол болсын!
- Балалар, менің қолымдағы не? Онда не бар деп ойлайсыңдар?
- Дұрыс айтасыңдар. Бұл Наурыз көже. Наурыз көже ең дәмді, әрі тойымды, құнарлы тағамдардың бірі. Ал, қонақтар жыл бойы тоқшылық болсын, дастарханымыз кең жайылсын деген ақ тілекпен наурыз көжеден дәм татыңыздар.

Тәрбиеші: Осымен Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілігіміз аяқталды.
Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі құтты болсын!
Наурыз құтты болсын!

Дендеріміз сау, мықты болсын!
Наурыз тойы келе берсін!
Барлық халық бақытты болсын,
Қош ,сау болыңыздар, халайық!
Көріскенші күн жарық болсын!





№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

Бекітемін:

Балабақша меңгерушісі:

С.Мухашова

Тексерілді:

Балабақша әдіскері:

А.Шуиншалиева

Қош келдің, Әз-Наурыз!

(«Бесікке бөлеу» рәсімі)

№4 «Балапан» кіші тобы

2024 жыл

Қош келдің, Әз-Наурыз!

«Бесікке бөлеу» рәсімі

Мерекеге сай безендірілген залда көңілді музыка ойнап тұрады.

Жүргізуші:

О, жарандар келіндер,
Той қызығын көріңдер!
Наурыз тойға бас иіп,
Баршаға сәлем беріндер!

Әже:

—Келін-ау, келін, балалардың даусы естіле ме, қалай?

Келін:

—Иә апа, балабақша балалары қонаққа келеді.

Ата-аналар мен балалар келіп, төс қағысып амандасады.

Әже:

—Қош келдіңіздер, қонақтар! Бүгін біздің үйде той бар. Жоғары шығып төрлетіңіздер!

Шашу шашып қарсы алады. Қонақтар жайғасып отырады.

Әже:

—«Құтты қонақ келсе қой егіз табады» дегендей ұлыстың ұлы күні қарсаңында немерелі болдым. Бүгін сол немеремді бесікке салмақ ойымыз бар.

Барлығы: —Бәрекелді! Немереңіз құтты болсын!

—Бауы берік болсын!

—Бақытты болсын!

—Өмірі ұзақ болсын!

Әже:

—Аумин! Айтқандарыңыз келсін!

Бесікке бөлеу рәсімі

Бесік жыры

«Бипыл» биі (Қыздардың орындауында)

«Батырлар» биі (Ұлдардың орындауында)

Ұлттық ойындар:

« Қол күрес»

« Арқан тартыс»

Жүргізуші:

Ашық болсын қас қабақ

Таспен атқанды аспен ат.

Бейтаныс та, таныс та,

Бүгін төрде бас қонақ.

Қатық, малта, ағы бар,

Ішілетін, жейтіннің

Бұл көжеде бәрі бар. —

дей келе баршаңызды наурыз көжеден дәм татуға шақырамын.

Наурыз көжеден дәм тату

Ас қайтарып бата беру.

Қош келдің Әз-Наурыз!



№4 "Балапан"

кіші тобы

Тәрбиеші:

Ә.Сарбалаева

19.03.2024ж



№11 «Баланан» бобекжай-балабақшасы

Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі:
С.Мухашова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
А.Шуиншалиева



Қош келдің Әз-Наурыз!

/22 наурыз Ұлыстың ұлы күніне арналған ертеңгілік/

«Ертөстік» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: А.Ешмахан

19 наурыз, 2024 жыл

«Қош келдің Әз-Наурыз!»

Мақсаты: Балаларға наурыз мерекесі туралы түсінік беру, салт – дәстүрімізді дәріптеу. Әдет-ғұрыпты сақтауға, қастерлеуге тәрбиелеу, қиялын, қызығушылығын дамыту.

Жүргізуші: Қайырлы күн құрметті ата- әжелер, сымбаттыда, аңарлы қыз – келіншектер!

Дәстүрімізге айналған Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз құтты болсын!
Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жер әлемді жайнатып,
әнші құстарды сайратып, Наурыз тойын тойлатып Жаңа Жыл келді!
Ендеше той құтты болсын! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!
Ұлы мереке сіздерге тек жақсылық әкелсін!

Уа, халайық, халайық!

Ақ сандықты ашайық,

Бұл мереке, бұл тойдың

Шашуларын шашайық! (Шашу шашылады)

Сіздерді «Ертөстік» тобының балаларының өнерін тамашалауға шақырамыз.
«Текемет» биі (Жаннұр, Медина, Раяна, Мадия, Әмина Б, Раушан, Ақжан)

Наурыз қыз ортаға келеді

Наурыз қыз: Армысыздар құрметті Қазақ елі!

Сәлеметсіңдерме, кішкентай балапандар!

Көктемнің шуақты, берекелі Наурыз мерекесі құтты болсын!

Жүргізуші: Қош келдің Наурыз қыз!

Біздің балаларымыздың өнерін тамашалағың келеме?

Наурыз қыз: Әрине

Жүргізуші: Біздің топтың жігітерінің орындауында «Бәйге» биін тамашалайық.

Наурыз қыз: Тамаша!

Жүргізуші: Наурыз – қазақ халқының шын мағынасындағы ұлттық мейрамы. Бұл күн мен түн теңелетін мереке. Сондықтанда халқымыз Наурызды «Жыл басы», «Ұлыстың ұлы күні» деп атайды. Наурыз мерекесі көктеммен бірге келеді. Өйткені көктемде жер дүние жасарып, жаңарады, өмірге қайта келеді. Осы кереметтей қазақтың Жаңа жылына арнап біздің «Ертөстік» тобының бүлдіршіндері мен балабақша музыка жетекшісінің орындауында «Көңілді балақай» ансамбілін тамашалаңыздар.

Жүргізуші: Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Олар: Аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен оналатын, зеректілікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан заманауи ойындар.

Ортаға үш аналарды шақырсақ.

Енді сіздерге сұрақ: Қазақтың ұлттық ойындарын ата?

Ойын: «Кілемше құрастыр»

Шарты: алдарыңыздағы кілемшелерді, бір қоларыңызға шар беріледі сол шарды түсіріп алмай, кілемшені құрастырамыз. Кім жылдам құрастырса сол кісі жеңіске жетеді.

Жүргізуші: Өнерін қуған жасынан,

Өнері судай тасыған.

Келесі біздің бишілер,

Көрінген көштің басынан –дей келе тобымыздың сұлу қыздарының орындауында «Берекелі дастархан» биімен қарсалыңыздар. (Қ. Әмина, Адина, Айша, Айкөркем, Аягөз)

Жүргізуші: Ұлыс күні қазан толса

Ол жылы ақ мол болар

Ұлы кісіден бата алсаң

Сонда олжалы жол болар.

Сөз қасиеті мен қадірін жете түсінген қазақ бата беруге, бата алуға аса мән берген. Шынайы жүреткен шыққан бата ғана қабыл болады дейді зерттеушілер.

Ғасырлар бойы ауыздан ауызға тарап, көшпелі өмірдің келбетіне айналған бата-қазақ салт-дәстүрінің ішінде әлә күнге дейін қолданыста жүрген дәстүрдің бірі. Бата бергенде үлкен-кіші әр сөзін ықыласпен тыңдайды. Балалар біздің Наурыз мерекесі осы жылы Қасиетті Рамазан айымен тұспа-тұс келген екен, олай болса Рамазан айындағы бата, тілектер қабыл болады дей келе, бізге үлкен ата,әжелеріміз келген екен осы кісілердің бағын, жолын берсін деп бата сұрайық.

Рақмет сіздерге! Баталарыңыз қабыл болсын!

Сіздердің бата тілектеріңізге арнап «Наурыз» әнін тарту етеміз.

Құрметті қонақтар! Наурыз мерекесі сіздердің отбастарыңызға қуаныш, шаттық, молшылық әкелсін! Біздің «Ертөстік» тобының іс-шарасын тамашалағандарыңызға көп-көп рақмет!

«Ертөстік» ортаңғы тобы
«Қош келдің Әз-Наурыз!»





№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

[Signature]

Келісемін: *[Signature]*

Балабақша меңгерушісі: С.Мухашова

Балабақша әдіскері: А.Шуиншалиева

«Қош келдің Әз-Наурыз!»

№6 «Балдырған» ортаңғы тобы

Тәрбиешілері: Набиева А

Амантайқызы Ф

2024 жыл

Балалар топқа көрісіп тілектерін айтып кіреді.

Тәрбиеші: Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жаңа жыл келді. Ұлы мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс тілейміз. Ұлы мереке сіздерге бақыт, қуаныш, сыйласын!

Тәрбиеші: Армысыздар құрметті қонақтар. Ұлыс күндеріңіз құтты болсын! Келе жатыр жылымыз,

Мейрамдаймыз мұны біз.

Халқы сүйген мейрамды

Қарсы алайық Наурызды!

Сүйінші сұрап тышан келеді:

Тышқан: Сүйінші, сүйінші жаңа жыл келді! Жылдың басын ең бірінші болып мен көрдім. Келген жылым жақсылыққа басташы

Қуанышпен әр үйдің

Босағасын атташы

Тәрбиеші: Олай болса ендігі кезекті жігіттеріміздің орындауында «Жұмыр қылыш» биін қарсы алыңыздар.

Тәрбиеші: Наурыз жыл басы, наурыз қуаныш мерекесі.

Наурыз - бақыт пен шаттық мерекесі.

Наурыз – көктем мерекесі. Ендеше «Наурыз» туралы ән шырқайық

Тәрбиеші: Келесі кезекті осынау қасиетті мерекеге арналған тақпақтарға береміз.

Сұлтан

Наурыз шаттық әніміз

Салтанатты сәніміз

Ән саламыз бәріміз

Би билейміз бәріміз

Раушан. Наурыз айы - гүл айы

Наурыз айы - нұр айы

Наурыз айда халқымның

Құлпыра түсер шырайық

Бекжан: Уа, халайық, халайық!

Әсем әнге салайық

Наурыз тойын көңілді

Бірге қарсы алайық

Тәрбиеші: Ой балалар жарайсындар, бәрекелді.

Ендігі кезекті қыздарымыздың орындауында «Қамажай» биін қарсы алыңыздар.

Жарайсындар қыздар!

Енді барлығымыз «Наурызды қарсы аламыз» әнін қарсы алыңыздар!

Тобымыздың барлық бүлдіршіндеріміздің орындауында қара жорға биін қарсы алыңыздар!

Тәрбиеші: ендігі кезекті құттық ойындарға кезек берсек:

«Арқан тартыс»

«Қол күрес»

«Асық алшысынан түссін»

Ата-аналарымызбен ойынымыз бар.

«Қыз қуу»

«Кім жылдам»

Тәрбиеші: Осымен Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілігіміз аяқталды.

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі құтты болсын!



№11 «Балапан» бөбекжай балабақшасы

Балабақша меңгерушісі:

Келісемін:

әдіскер

А Шуншалиева

Тақырыбы: «Армысың аз Наурыз!» ертеңгілігі

«Балбөбек» ересек тобы

2023-2024 оқу жылы

Тәрбиешілер : Исатаева Ж Махамбетова Ж

Тақырыбы: «Армысың әз Наурыз!»

Міндеті;Наурыз мерекесінің мағынасын түсіндіру, Ұлттық ойындарға деген балалардың қызығушылығын арттыру

Келген қонақтар төрде отырады.

Балалар орындықта тізіліп қонақтарға қарама-қарсы отырады,

Топқа шашу шашып әжелеріміз келеді.Наурыз мерекесіне арнап өз тілектері мен жақсы лебіздерін айтады.

Балалар ән айтады Хор; «Наурыз»

Би «Ою» Орындайтындар;

Кәусар

София,

Айгерім,

Альбина,

Эсманұр

Айша

Оркестр: «Қара жорға» Топтағы барлық ұлдар.

Әсем,

Аяла,

Жанерке

Рауза ,

Гүлназым

Би «Асықтар» Әлиқожа –Айша

Димаш-Кәусар.

Әлиұр-Жанерке

Гүлназым-Жомарт

Димаш-Әсем

Абдулислам-Айгерім

Ұлттық ойындарды ойнату

«Бес асық» ойыны

Міндеті: Екі бала ойын алаңының екі жағында тұрып ортада тұрған 5 асықты өз асықтарымен шертіп тигізіп өздеріне ұпай жинайды.

«Орамал тастамақ»

Міндеті: Шеңбер жасап балалар отырады. Ойын бастаушыны санамақ арқылы тағайындау. Ойын бастаушы орамалды алып өзі қалаған бір ойыншының артына байқатпай тастайды, байқаған бала лезде ойын бастаушыны қуып ұстап алады. Балалар ойын бастаушымен орныны ауыстырады.

«Соқыр теке бақ-бақ»

Міндеті: Ортаға санамақ арқылы бір баланы шығарып, көзін байлап қалған балалар қашады. Ұсталған бала орнымен ауысады.

«Білектесу»

Міндеті: Үстелге кезекпен 2 баладан келіп. білектесіп бір-бірімен күш сынасады, жеңген адам жеңімпаз болып саналады, Ойын солай жалғасады

Ата аналармен ойын : «Қай ана епті?» Ойыны


Міндеті : Ортаға аналар шығып шарды лақтыра отырып, жерге түсірмей ою-өрнек құрап. шаш өреді. «КИІЗ ҮЙ» мозайкасын құрастырады, Кім ретімен дұрыс орындаса сол жеңімпаз

«Бес тас» Ойыны

Міндеті ; Ойын ережесімен ойналады.

Қош келдің, Әз Наурыз!

“Балбөбек” тобы



Бекітемін:

Балабақша меңгерушісі:
С. Мухашова

№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

Тексерілді:

Балабақша әдіскері:
А.Шуиншалиева



Қош келдің Әз-Наурыз!

/22 наурыз Ұлыстың ұлы күніне арналған ертеңгілік/

№8 «Құлагер» ересек тобы

Тәрбиешілері: Г. Баймаханова
Л. Бердіжарова

19 наурыз, 2024 жыл

«Қош келдің Әз-Наурыз!» Ұлыстың ұлы күніне арналған ертеңгілік

(Топтың іші мерекеге сай безендірілген, Н.Тілендиевтің «Ата толғауы» күйі ойналып тұрады).

Құрметті қонақтар, әжелер, аналар, бүлдіршіндер «Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі!» құтты болсын. Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт тілейміз!

Той – думанымызды бастау үшін Құлагер тобының жанынан құрылған «Асыл әжелерге» кезек береміз.

Наркескенби әжесі

Ұлыс оң болсын

Ақ мол болсын

Қайда барсаң жол болсын

Ұлыс бақты болсын

Төрт-түлік ақты болсын!

Ұлыс береке берсін.

Пәле-жала жерге енсін.

Қайғы уайым жоқ болсын.

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Әуминини

Ал замандастар Ауылдың алты ауызынан шырқамадықпа?

«Дедім ай-ау», «Ахау, керім», «Жүгіріп шықтым белеске», «Қара жорға», «Сәулем-ай».

Жүргізуші: Асыл әжедлеріміздің өнеріне бір қошемет көрсетіп қояйық

Диана әжесі:

Көктем келді, Наурыз келді

Жер көгерді, ел көгерді

Дастарханын жайып дархан,

Жақсылық пен бақыт шашқан

Біздің беркелі-мерекелі қазақтың ұлттық тағамдарынан ауыз тиюге шақырамын.

Ал балалар тұрмайық

Әндетейік шырқайық

Думандатып ,би билеп

Інжу-маржан шашайық.

Жүргізуші: Келесі кезекте «Дастархан» әнімен Әминаны,Адинаны,Раянаны ортаға шақырамыз

Жүргізуші: Қошемет кәнекей

Ашық болсын күніміз

Ашылады нұрымыз

Жадыраған өмірде

Айтылады жырымыз

«Беу-құрбым-ай» әнімен Мәриям,Нұрай,Айсүгір,Диананы қарсы алыңыздар

Жүргізуші: Ұлыстың ұлы күнінде Қыдыр ата ел аралап,тіршілік иесіне құт береке дарытып,жақсылық нұрын себелейді екенБүгінгі тойға алыстан ат терлетіп келген Қыдыр атамызды ортамызға алайық.

Ендігі кезекті топтың ер балаларына берейік «Батырлар «биі

(топтың барлық баласы билейді)

Міне қызықты қараңыз

Тамашалап көріңіз

Қол соғайық бәріміз

«Келіншек» күйі (аспаппен орындайды)

(Айбибі,Медина,Айзере,Айзере,Асылым,Ясмина)

Ойын: «Кім мықты» асық жинау (ер балалар ойнайды)

Ойын: Бес тас (Әжелерімізбен ойналады)

Ойын: «Тақия тастамақ»

Бүгінгі ертеңгілігіміз өз мәресіне таяп қалды.Наурыз тойларыңыз тағыда құтты болсын!

Ұрпағымыз ата-баба дәстүрін ұлықтап өтсін.Келесі Наурызға уайым қайғысыз аман-сау жетейік

«Қош келдің, әз – Наурыз!» мерекелік іс – шара

№8 «Құлагер» ересек тобы





№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

Тексерілді:

Балабақша әдіскері:

А. Шумилов



Қош келдің Әз-Наурыз!

/22 наурыз Ұлыстың ұлы күніне арналған ертеңгілік/

№9 «Қарлығаш» ересек тобы

Тәрбиешілері: Г. Сейтова
К. Исаева

20 наурыз, 2024 жыл

Мейрам өтетін жер салт – дәстүрге байланысты жабдықталады. Балалар ұлттық киімдерімен келеді. Киіз үй керегесінен сахна жасалынады.

БН: «Батырлар» биі

Билейтіндер: «Қарлығаш» тобының сері жігіттері

(Әже шашу шашады).

Айлина:

Әже: Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын!

Қайда барсан жол болсын

Ұлыс береке берсін

Бәле-жала жерге еңсін

Ұлы халқым тең болсын

Қуаныш көп болсын!

Тәрбиеші: Құрметті қонақтар, Наурыз мейрамына арналған ертеңгілікке қош келдіңіздер!

Балалар, Наурыз мерекесіне арналған тақпақтарымызды айтып берейік!

Бексұлтан:

Алақай-ау, алақай!

Наурыз келді, балақай!

Халық тойды тойлайды,

Әсем әнге салады-ай!

Нұрислам:

Наурыз келді алақай,

Кел билейік балақай,

Бізде қарап тұрмайық,

Тойға шашу шашайық!

Алинұр:

Жыл басы – **Наурыз** мереке,

Ақ нұрға әлем боянды.

Наурыз тойы береке

Тіршілік жаңа оянды!

Нұрсезім:

Жылдың басы **Наурыз**,

Жердің басы **Наурыз**.

Мерекеге арналсын

Бүгінгі жыр- әніміз.

Аружан:

Көктем келді, балақай,

Жасарды жер, алақай.

Наурыз тойын тойлайық,

Әсем әнге салайық.

Жұпар-Ай:

Наурыз тойы — тамаша,

Наурыз тойы — жаңаша.

Табиғат та тамаша,

Тамылжып тұр жараса.

Хор: «Наурыз көктем»

Ойын: «Қыз қуу»

Шарты: ойынға біз қыз бала, біз ер бала шақырылады. Атқа мініп ер бала қыз баланы қуады. Ұстап алса бетінен сүйеді. Ал егерде ұстай алмай қалса қыз ер баланы қамшымен ұрады.

Қатысатындар: Төре-Айлина, Ілияс-Жания

Тақпақтар:

Жәния:

Наурыз келді сан құрып
Жасарып жанғырып
Құлпырды жер мен көк
Мейрім таң күліп.

Альфия:

Наурыз тойы — салтанат,
Наурыз тойы — мархабат.

Әр жүректен ән тарап,
Шаттанады шартарап.

Айзере:

Қыс өтіп, қар кетіп,
Шырайлы жаз жетіп,
Шаруаның кенелген
Мейрамы ежелден —
Құтты болсын, **Наурыз!**

Шұғыла:

Наурыз — бұл мереке
Құтты болсын береке
Қыдыр ата келсін
Жақсы тілек әкелсін.

Айдын:

Той думанға келіңіз,
Тамашалап көріңіз,
Ән айтайық бәріміз,
Қол соғайық бәріміз!

Айару:

Наурызда шашу шашылды
Ақ кебеже ашылды
Тәтті наурыз көжеге
Тары, уыз қосылды.

БИ: « _____ **» «Қарлығаш» тобының сұлу қыздары.**

Тәрбиеші: Наурыз мерекесі ұлттық мерекеміз болғандықтан өз ұлтымыздың салт-дәстүрін айтпай кетпеске болмайды. Сіздерге **«Тұсау кесер»** рәсімін назарларыңызға ұсынамыз.

Тұсаукесер — сәби бесіктен шығып, еңбектеуден өткен соң, қаз тұрып, тәй-тәй басқанда жасалатын дәстүр. Бала екі табанымен тұрып, алғашқы қадам жасауға талпына бастаған сәтте дана қазақ “баламыз тез жүріп кетсін” деген ниетпен, сәбидің тұсауын кестіріп, думандатын той жасайды.

Ырымшыл қазақ тұсауы кесілмеген бала сүріншек, болашақта жығылғыш болады деп пайымдайды. Ал тұсауы кесілген бала біреудің ала жібін аттамайтын

адал, жолы ашық азамат болады деп санаған. Сондықтан, қаз тұрып, тәй-тәй басып келе жатқан баланың тұсауын кесу бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан ескі дәстүр.

Бата

Бүлдіршінім танып ал,
Көп тлеуін қабыл ал,
Тіл мен көзден сактасын,
Бойға тұмар тағып ал.
Қызықтарың халайық,
Той думан ғып тарайық,
Балақайым өссе екен,
Ел жұртына лайық.
Әмин, қабыл болсын!

Тақпақтар:

Айша:

Наурызбен құттықтап,
Алыс-жақын қауышты
Көктемдегі жарқын сәт
Көңілдерге ауысты.

Жансұлу:

Уа, ағайын халайық,
Мұнда назар салайық!
Мерекесі халықтың
Наурыз тойы бастайық!

Рабия:

Жақсы ма, ата, қалыңыз?
-менің атым **Наурыз**
Балдай тәтті сары уыз
Алып келдіңм-Алыңыз!

Сұлтанбек:

Наурыз менің елімнің берекесі,
Жаңа жылы қазақтың мерекесі.
Шаңырағы биіктеп күнге жақын,
Ұлан-ғайыр керілсін керегесі.

Расул:

Наурыз келді еліме,
Наурыз келді жеріме.
Байлық, бақыт тілеймін,
Бүкіл қазақ еліне.

Муслим:

Наурыз тойым, **Наурыз** тойым.
Құтты болсың халайық!
Қане, достар, қане, достар,
Шырқап әнге салайық.

Санжар:

Той думанға келіңіз,
Тамашалап көріңіз,
Ән айтайық бәріміз,
Қол соғайық бәріміз!

Батыр:

Наурыз келді, нұр келді,
Түгел аймақ түрленді.
Бақшадағы апайлар
Тойға әзір боп үлгерді.

Ендігі кезекті қыз бен ұл айтысына керек берейік.

Қыз бен ұлдың айтысы:

«Наурыз айтыс»

Алинұр: Ата-бабам дәстүрін,
Үйренуден қашпаймыз.
«Айтыс» десе сәнденіп,
Қыздар іздей бастаймыз.

Аяла: Біржан болып сен келсең,
Ақын Сараң мен болам.
Сәйгүлік боп сен шапсаң,
Аққу құсың мен болам.

Алинұр: Біздің топтың ұлдары,
Шеттерінен ақылды-ақ.
Жұмбақ, тақпақ, бұл тойға,
Айтып берер тықылдап.

Аяла: Үй жабдығын бұл тойға,
Біздің қыздар сәндеді.
Қонақ күтіп ән салды,
Ұлдарынан кем бе еді.

Алинұр: Түрлендіріп қамшы өрсем,
Қыздарың таң қалады.
Күмбірлетіп күй шертсем-
Мұнда думан болады.

Аяла: Мақтандың ғой жігітім,
Өнерінді көрейік.
Көрсет сәнді қамшыңды,
Біздер баға берейік.

Алинұр: Тойға барам деген соң,
Домбыра ұстап жетіп ем.
Шашақталған қамшымды,
Үйге тастап кетіп ем.

Аяла: Қалып қойса қамшыңыз,
Тағы тойға келерсіз.
Сол қамшыны мына бізге,
Сонда сыйға берерсіз.

Екеуі бірге: Қоштасайық халықпен,
Ақындарын пір тұтқан.
Сөз өнерін шөлдегенде,
Рақаттана бір жұтқан.

Ән: «Наурыз көктем»

Бата: Бектас:

Ұлыс күні қазан толса,
Ол жылы ақ мол болар.
Ұлы кісіден бата алса,
Сонда әрқашан жол болар.
Ұлыстың ұлы күнінде,
Ұлың оңға қонсын,
Қызың қырға қонсын,
Дәулетінді асырсын,
Дұшпаның басылсын.

Осыменен Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік аяқталды. Сіздерді Наурыз көжеден дәм татуға шақырамыз.

Қош келдің Әз-Наурыз!



№9 "Қарлығаш"
ересек тобы
Тәрбиешілер:
Г. Сәйтова
К. Исаева
20.03.2024ж

№ 11 «Балапан» бөбекжай – балабақшасы



«Бекітемін»
Балабақша меңгерушісі:
С. Мухашова

«Тексерілді»

Балабақша әдіскері:

А.Шуиншалиева

«Қош келдің,Әз – Наурыз!»

(22– наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекесіне арналған іс – шара)

Тобы: «Балауса» ортаңғы тобы
Топ тәрбиешілері: Үргенишбаева Г
Бахытжан А

2024 оқу жылы

Мақсаты: Наурыз туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу.

Жүргізуші: Армысыздар ата-аналар, қонақтар, балалар!

Бәріміздің асыға күткен «Ұлыстың – ұлы күні!»
наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы. Наурыздың 22-де күн мен түннің теңеліп, жер жаңарып, көк шығып, төрт түлік мал түлеп, көктем келіп, тіршіліктің бастауы, яғни қазақтың жаңа жылы – Наурыз мерекесі. Дәстүрімізге айналған Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз құтты болсын! Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып, Наурыз тойын тойлатып Жаңа Жыл келеді. Ендеше, сіздермен «Ормалды қағып ал, сөз жалғасын тауып ал» ойынын ойнағым келіп тұр. Қане, олай болса ортаға шығайық.

Ойын: «Ормалды қағып ал, сөз жалғасын тауып ал!»

Жүргізуші: Ұлы оң болсын,
Ақ мол болсын.

Жүргізуші: Ұлыс бақты болсын,

Төрт түлік ақты болсын.

Жүргізуші: Ұлыс берекелі болсын

Той – думан мерекелі болсын!

Жүргізуші: Наурыз келді, жайраң қақты таң күліп,

Жап-жасыл болып кетті дүние жаңғырып.

Жақсылыққа жаршы болған Наурызым!

Сен өмірдің көктемінің мәңгілік!

Хор: «Наурыз келді алақай!» әні, сөзі: Айгүл Досмағанбетова

Сұрақ-жауап: «Сыр-сандық» Ата-аналарға арналған сұрақтар:

— Өмірде не тәтті? (Ананың сүті)

— Жеті қазынаны атаңыз!

— Жыл басы? (Наурыз)

- Қасиетті сан? (Жеті саны)
- Өмірде не жұмсақ? (Ананың алақаны)

Би: «Бипыл» орындайтын тобымыздың сұлу қыздары.

Сұрақ-жауап: Қандай салт-дәстүрді білесіздер?

Көрініс: дөңгелек стол басында ата-аналар отырады. Бір-бірлеріне наурыз құтты болсын,-деп әңгімелесіп. Осы кезде Бір бала жүгіріп келеді сүйінші сұрап.

Бала(Бекжан): жүгіріп шығады. Сүйінші! Сүйінші! Сүйінші!

Әже,әже Сүйінші! Дүниеге қамшы ұстар келді, атқа мінер келді

Отырғандар: Әп,бәрекелді. «Үйің абат,қос тойын қабат»болсын деген, Наурызбен тұспа-тұс келген Сүйінші жаңалығын құтты болсын! Үлкен Азамат боп өссін!Аумин

Әжесі: Ой ,айналайын,айналайын! Таңдаған сүйіншінді алағой. Мынауын керемет жаңалық қой.

Бекжан: Анау тұрған қамшыны берсеңіз болды. Қамшысын алып кетіп қалады.

Шашу биі: Кәусар, Амина, Аяла,Айзере

Би: «Тұлпарым» орынлайтындар тобымыздың жігіттері

Қандай ұлттық ойын түрлерін білесіздер?

Ұлттық ойындар: «Қол күрес» «Арқан тартыс»

Ата-аналармен «Теңге алу» ойыны

Тәрбиеші: Әр адам келер жылдан үлкен үміт күтіп, оны ақ тілекпен, ақ ниетпен қарсы алады. Олай болса, Үлкендеріміздің ақ батасын алайық.

Осымен бүгінгі «Балауса» тобының Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілігіміз аяқталды.

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі құтты болсын!

Қош келдің Әз-Наурыз!



20.03.2024ж

№10 "Балауса"
ортаңғы тобы

Тәрбиешілер:
Г.Үргенімбаева
Ө.Бақытжан



№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі:
С. Мухашова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
А. Шуишалиева

Қош келдің Өз-Наурыз!

/22 наурыз Ұлыстың ұлы күніне арналған іс-шара/

№11 «Еркетай» ортаңғы тобы

Тәрбиешілері: Ө. Жандәулетова
К. Исаева

20 наурыз, 2024 жыл

Залда әсем әуен ойнап тұрады.

Тәрбиеші: Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жаңа жыл келді. Ұлы мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс тілейміз. Ұлы мереке сіздерге бақыт, қуаныш, сыйласын!

Тәрбиеші: Армысыздар құрметті қонақтар. Ұлы күндеріңіз құтты болсын! Келе жатыр жылымыз,

Мейрамдаймыз мұны біз.

Халқы сүйген мейрамды

Қарсы алайық Наурызды!

ХОР: «Наурыз әні»

Тәрбиеші: Келесі кезекті осынау қасиетті мерекеге арналған тақпақтарға береміз.

Тақпақтар

Айлин:

Тақпақ айтам жыл басы,

Құлақ салып тындашы.

Бар бөбекке өзімдей,

Тыныш өмір сыйлашы.

Мансұр:

Осыншама жақсылық,

Алып келген Наурызым.

Төрлет бізге нұр болып,

Шуақ шашып ақ жүзін.

Айым:

Жарқыра жайна наурызым,

Қабағы жаудың түйілсің.

Дүние байлық дәм тұзың,

Халқыма мәңгі бұйырсын.

Нұрислам:

Ал, балалар келіндер,

Той қызығын көріндер.

Наурыз тойға бас иіп,

Күнге сәлем беріндер.

Аяжан:

Шуақ болып төгілер,

Жерге дән болып егілер.

Наурыз айын күтерде,

Бақшадағы бөбектер.

Сырғалым:

Армысыздар халайық,

Әр кез аман болайық.

Наурыз тойын жұп жазбай,

Жылда қарсы алайық.

Ай-бибі:

Құтты болсын Наурыз той,

Құлпыртып тұр қыр мен ой!

Күн мен түн теңелді,

Жер шуаққа кенелді.

Назым:

Көктем келді, балақай,

Жасарды жер, алақай.

Наурыз тойын тойлайық,

Әсем әнге салайық.

Айғаным:

Наурыз тойы — тамаша,
Наурыз тойы — жаңаша.
Табиғат та тамаша,
Тамылжып тұр жараса.

Ақерке:

Наурыз келді сан құрып
Жасарып жаңғырып
Құлпырды жер мен көк
Мейірім таң күліп.

Ерали:

Наурыз тойы — салтанат,
Наурыз тойы — мархабат.
Әр жүректен ән тарап,
Шаттанады шартарап.

Муслим:

Наурызды халқымыз,
Жыл басы деп санайды.
Көнермеген салтымыз,
Көп елдерге тарайды.

Тәрбиеші: Наурыз мерекесі ұлттық мерекеміз болғандықтан өз ұлтымыздың салт-дәстүрін айтпай кетпеске болмайды. Сіздерге **«Тұсау кесер»** рәсімін назарларыңызға ұсынамыз.

Тұсаукесер – сәби бесіктен шығып, еңбектеуден өткен соң, қаз тұрып, тәй-тәй басқанда жасалатын дәстүр. Бала екі табанымен тұрып, алғашқы қадам жасауға талпына бастаған сәтте дана қазақ “баламыз тез жүріп кетсін” деген ниетпен, сәбидің тұсауын кестіріп, думандатын той жасайды.

Ырымшыл қазақ тұсауы кесілмеген бала сүріншек, болашақта жығылғыш болады деп пайымдайды. Ал тұсауы кесілген бала біреудің ала жібін аттамайтын адал, жолы ашық азамат болады деп санаған. Сондықтан, қаз тұрып, тәй-тәй басып келе жатқан баланың тұсауын кесу бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан ескі дәстүр.

Бата

Бүлдіршінім танып ал,
Көп тлеуін қабыл ал,
Тіл мен көзден сақтасын,
Бойға тұмар тағып ал.
Қызықтарың халайық,
Той думан ғып тарайық,
Балақайым өссе екен,
Ел жұртына лайық.
Әмин, қабыл болсын!

Тақпақтар:**Сырым:**

Наурыз келді далама,
Шат – шадыман жайқала
Құстар сайрап бақшада
Ақ мол болсын береке
Қазақ төрі – мереке

Айханым:

Алақай-ау, алақай!
Наурыз келді, балақай!
Халық тойды тойлайды,
Әсем әнге салады-ай!

Әбілмансұр:

Наурыз келді алақай,
Кел билейік балақай,
Бізде қарап тұрмайық,
Тойға шашу шашайық!

Айбат:

Жыл басы – Наурыз мереке,
Ақ нұрға әлем боянды.

Наурыз тойы береке
Тіршілік жаңа оянды!

Димаш:

Жылдың басы Наурыз,
Жердің басы Наурыз.
Мерекеге арналсын
Бүгінгі жыр- әніміз.

Адина:

Көктем келді, балақай,
Жасарды жер, алақай.
Наурыз тойын тойлайық,
Әсем әнге салайық.

Іңкәрім:

Наурыз тойы — тамаша,
Наурыз тойы — жаңаша.
Табиғат та тамаша,
Тамылжып тұр жараса.

Нұрәли:

Той думанға келіңіз,
Тамашалап көріңіз,
Ән айтайық бәріміз,
Қол соғайық бәріміз!

Шахназ:

Наурызда шашу шашылды
Ақ кебеже ашылды
Тәтті наурыз көжеге
Тары, уыз қосылды.

ХОР: «Ана деп ән салам»

Тәрбиеші: Ал олай болса, келесі кезекте ұлттық ойындарымызға кезек берейік.

Ойын: «Қыз қуу»

Ойын: «Күш сынаспақ»

Ойын: асық ату

Ойын: «Кім жылдам?»

Ойын: «Кім мерген?»

Осыменен Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік аяқталды. Сіздерді Наурыз көжеден дәм татуға шақырамыз.

Қош келдің Әз-Наурыз!



№11 "Еркетай"
ортаңғы тобы
Тәрбиешілер:
Ө. Халдәулетова
К. Мсаева
29.03.2024ж



№11 «Балапан» бөбекжайы

балабақша меңгерушісі
С. Мухашова

Балабақша әдіскері:

А. Шуиншалиева

« Қош келдің , Әз- Наурыз ! »

(22- наурыз Ұлыстың Ұлы күні мерекесіне арналған ертеңгілік)

«Құлыншақ » тобы

Тәрбиеші : К. Кунишова

Л.Бердіжарова

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: « Қош келдің , Әз – Наурыз ! »

Міндеті : Балаларды Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесінің ерекшеліктерімен таныстыру . Наурыз мерекесі туралы түсінік беру .Салт – дәстүрді құрметтеуге , үлкендерді және бір –бірін сыйлауға үйрету .

Топ мерекеге сай безендірілген , ортада шаңырақ құрылған , балалар мерекеге сай киінген

Жүргізуші :

Уа ,халайық құтты болсын мерекен

Құтты болсын , құтты болсын берекен

Наурыз той тойланды төрімде

Қош келдіңдер мерекені көруге

- Жер әлемді жайнатып әнші құстарды сайратып , Наурыз тойын тойлатып ,Ұлыстың ұлы күні келді .Ұлыс оң болсын ,ақ мол болсын !
- Ортаға Әже шығып шашу шашады , балалар шашуды теріп алады . Шашу қуаныштың айғағы , қазақ халқында қашанда қуанышта шашу шашқан . кез келген игі істерде аналар ,әжелер күміс тиынан шашу шашқан .

Жүргізуші : - Күн мен түн теңелді

Жер шуаққа кенелді

Ұлыс күні келді деп

Қуанады ел енді - деп келесі кезекті биге береміз .

Би « Жорғалар » орындайтын тобымыздың бір топ жігіттері
Нұрмұхаммед ,Адият ,Мырзатай ,Бексұлтан , Әли ,Әмір ,Шайхислам , Фараби .қамшымен билейді

Жүргізуші :

-Уа халайық тұрмайық

Әндетиік шырқайық

Думандатып би билеп

Өнерден күмбез жасайық – деп келесі кезекте әсем би

« Оюлар » тобымыздың бір топ қыздары қарсы алыңыздар

Жүргізуші :

Осыншама жақсылық

Алып келген Наурызым

Төрлет бізге нұр беріп

Шуақ шашып ақ жүзің – деп келесі кезекте әсем биге береміз би «
Әсем әуен » бір топ ертөстік тобының жігіттері **Айсұлтан ,Райсхан ,
Керейхан ,Дәулет ,Нарұл ,мағжан , Рамазан , Тарғын , Қолдаш**

Жүргізуші :

-Уа халайық тұрмайық

Әндетиік шырқайық

Думандатып би билеп

Өнерден күмбез жасайық – деп келесі кезекте әсем би

« Жетіген » тобымыздың бір топ қыздары

Жүргізуші :

- Келесі кезекте балаларымыздың арасында бата оқу сайысына кезек береміз . Сөз қасиетін түсінген қазақ халқы бата алуға аса мән берген .Шынайы жүректен шыққан бата қашанда қабыл болған .Ескермеген салттын бірі -бата беру .қазақ халқы кезінде ұрпаған үлкеннің алдын кесіп өтпеуге , үлкендердің ақ батасын алуға тәрбиелеген .

Әли :Ниеттерің ақ болсын

Наурыздың ақша қарындай

Бастарыңа бақ қонсын

Шашаңның барлық талындай

Санасы өсіп адамның

Көңілді кір қалмасын

Құты қашып жаманның

Жақсы тапсын жалғасын

Тыныш болсын даламыз

Түгел болсын нуымыз

Тұнық болсын суымыз

Кірісіміз көп болсын

Бүгінгі наурыз көжедей

Адият

Ұлысың оң болсын

Ақ мол болсын

Қайда барсада жол болсын

Ұлыс бақты болсын

Төрт түлік ақты болсын

Ұлыс береке берсін

Бәле жала жерге енсін

Ұлы халқым тоқ болсын

Көйлектерің көк болсын

Қайғы уайым жоқ болсын

Қуаныштарың көп болсын !

Бексұлтан

Дастарханан дәм кетпесін

Көңілімізден сән кетпесін

Ұрпақ ұлыс аман болсын

Өмірімізден мән кетпесін !

Нұрмұхаммед

Үй –іші , ауыл аймақ аман болсын

Тыныштық баршамызға заман болсын

Табиғат таусылмайтын ризық беріп

Тартулы дастарханда тағам болсын

Күніміз ұлысты болсын
Жеріміз ырысты болсын !

Фараби

Жаңа жыл бақыт жыл болсын
Малың тоқ
Уайым қайғың жоқ болсын
Малың базарлы
Ұлың назарлы
Қызың ажарлы болсын !

Тарғын

Бір құдайым оңдасын
Еш жамандық болсын
Бақ дарысын
Ырыс қонсын
Үміт артқан ұл қызың
Ел сенімін ақтасын
Әумин !

Айсұлтан

Дастарханан дәм кетпесін
Көңілімізден сән кетпесін
Ұрпақ ұлыс аман болсын
Өмірімізден мән кетпесін !

Шайхислам

Құдай жарылқасын
Бақ берсін

Қыдыр дарысын

Айдан аман

Жылдан есен қылып

Үйдегі түздегі мал басын аман қылсын !

Дәулет

Баға алмастай малды бол

Жалшы менен құлыңа

Әбүйір берсін қызыңа

Дәулет берсін ұлыңа

Қалдош

Бір құдайым оңдасын

Оң жолыңа бастасам

Үйінді түрлі апаттан

Құса қайғыдан сақтасын

Үміт артқан ұл қызың

Ел сенімін ақтасын

Рамазан

Дәулетің зияда болсын

Дұшпаның қияда болсын

Аққуларың ұяда болсын

Ауыл аймақ бота тайлақ

Бәрі түгел аман болсын

Ұлыс оң болсын !

Ақ мол болсын

Нарұл

Жарылқа құдай қабыл ет

Жарылқаудың қамын ет

Бай ет ,мамаыр ет

Құдайдан не тілесе

Соны әзір ет

Мырзатай

Дәулетті бас берсін

Бақытты ас берсін

Ұлыстың ұлы күнінде

Ұлыс оңға қонсын

Қызың қырға қонсын

Асқа толсын табағын

Ашық болсын қабағың

Әмір

Құдай жарылқасын

Бақ қарасын

Қыдыр дарысын

Айдан аман

Жылдан есен қылып

Үйдегі түздегі мал басты аман қылсын !

Керейхан

Аспанымыз жауынды болсын

Жеріміз шөпті болсын

Малымыз шөпті болсын

Халқымыз тоқ болсын

Қайғы қасірет жоқ болсын !

Мағжан

Дастарқаның майлы

Көңілің жайлы

Өміріңе не тілесен

Тілегің қабыл болсын !

Райсхан

Дастарханан дәм кетпесін

Көңілімізден сән кетпесін

Ұрпақ ұлыс аман болсын

Өмірімізден мән кетпесін !**Жүргізуші :**

Ақ түйе қарны жарылды

Наурызды елім сағынды

Асыққын сенде сол тойға

Барлық жұрт мұнда ағылды -деп келесі кезекте әсем әнге береміз Ән
«

Айзере қызымыз « Гүлдер ай » әнін айтады

Келесі кезекте әдемі Хор

Алақай , Наурыз әні

Осы кезде топқа Тазша бала келеді :

Тазша бала : -Балалар менімен бірге ойын ойнағылырың келеме ?

Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер ? Дұрыс арқан тартыс , қол күрес балалармен бірге ойын ойнайды .

Жүргізуші :

Ашылды да кебеже

Дәм әзірлеу басталды

Әжем наурыз көжеге

Жеті түрлі ас салды -деп Арнайы Наурыз мерекесіне Наурыз көже дайындалады . Наурыз көжеге жеті түрлі тағам салынады .Жеті сан киелі сан .Наурыз көже тоқшылықтың белгісі оның құрамында : бидай ,қыстан қалған сұр ет , айран , сүт , тұз , құрт , тары , мейіз қосылады .Жүргізуші : осымен біздің «: « **Қош келдің Әз – Наурыз !** » атты ертеңгілігіміз аяқталды !



“Қош келдің Әз Наурыз!”

“Құлыншақ” тобы

